

Жеке тұлғамен сатып алу-сату үлгі шартының нысаны

САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ № _____

_____к.

« _____ » _____ 20__ж.

Бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын « _____ » акционерлік қоғамы атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____

_____ жеке куәлік № _____ келесі тараптан, өзара бірігіп тараптар деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Сатушы сатады, ал Сатып алушы келесі өнімді сатып алады:

Р.с. №	Материал нөмірі	Атауы	ӨБ	Бірлік бағасы (теңге, ҚҚС-сыз)	Сомасы (теңге, ҚҚС-сыз)	Сомасы (теңге, 12% ҚҚС есебімен)	Конкурс №
1							
ЖИЫНЫ							

1.2. Тауар үшінші тұлғалардың қандай да бір ауыртпалықтары мен талаптарынан босатылған, кепілге салынбаған және үшінші тұлғаларға иелік етуге, пайдалануға берілмеген, Шарт жасалған күні Сатушының иелігінде, пайдалануында және басқаруында болады.

1.3. Сатып алушы Тауарды алған сәттен бастап Тауарды пайдалану, иелену және оған билік ету құқығын (меншік құқығын) алады. Тауар екі Тараптың өкілдері қол қоятын қабылдау-беру актісіне (НҚ үшін) немесе қорларды жіберуге арналған жүккүжатқа (ТМҚ үшін) қол қойылған күннен бастап қабылданған болып есептеледі.

1.4. Тауарды жеткізу EXW «Сатушының франко-қоймасы» (өздігінен алып кету) талабымен Incoterms 2010ж. редакциясында ҚР, _____ Сатушының қоймасынан Сатып алушының есебінен және тәуекелімен жүзеге асырылады. Сатып алушы Тауарды өз күшімен және өз есебінен тиеуді және әкетуді жүзеге асырады.

1.5. Сатушы төлемді толық көлемде алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Тауарды беруге міндеттенеді.

2. Тараптардың міндеттемелері

2.1. Сатушы осы Шартта көрсетілген Тауарды беруге, сондай-ақ Сатып алушыға осы Тауарға қажетті құжаттаманы беруге міндеттенеді.

2.2. Сатып алушы Тауарды меншігіне қабылдауға және ол бойынша Шартта белгіленген бағаны уақтылы төлеуге міндеттенеді.

2.3. Сатып алушы аванстық төлем жүзеге асырылған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Тауарды Сатушының аумағынан толық көлемде әкетуге міндеттенеді.

3. Шарттың сомасы, төлем нысаны және есеп айырысу тәртібі

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы ҚҚС-сыз _____ немесе 12% ставка бойынша ҚҚС қосқанда _____ құрайды.

3.2. Осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауар үшін есеп айырысуды Сатып алушы осы Шартта көрсетілген Сатушының банктік шотына теңгемен қолма-қол ақшасыз төлеммен екі Тарап Шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде 100% алдын-ала төлем тәртібімен жүзеге асырады.

3.3. Осы Шартты жасасу және Тауарға меншік құқығын тіркеу жөніндегі шығыстарды Сатып алушы толық көлемде көтереді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

- 4.1. Осы Шарт бойынша Тараптардың жауапкершілігі Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын азаматтық заңнама нормаларына сәйкес айқындалады.
- 4.2. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында, бірақ онымен шектелмей сақтауға міндеттенеді.
- 4.3. Тараптар Шартты орындау кезінде 4.1-тармақта көрсетілген кез келген құқыққа қайшы әрекеттерге қатыспауға міндеттенеді және осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында адал әрекет етуге міндеттенеді.
- 4.4. Сатып алушы осы Шарттың 2.3, 3.2-тармағын орындамаған жағдайда Сатушы Шарт сомасының 5% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын қоюға және Сатып алушыны кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабардар еткен жағдайда (e-mail бойынша) Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

5. Дауларды шешу тәртібі

- 5.1. Осы Шартты орындау барысында туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптар арасында келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.
- 5.2. Дауларды келіссөздер жүргізу арқылы шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулы мәселелер мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша сотпен реттелуі тиіс.

6. Форс-мажор

- 6.1. Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін егер бұл орындамау форс-мажорлық жағдайлардың салдары болса жауапкершіліктен босатылады. Уәкілетті ұйым берген анықтама жоғарыда аталған мән-жайлардың бар екендігінің және олардың ұзақтығының нақты дәлелі болып табылады.

7. Шарттың қолданылу мерзімі

- 7.1. Шарт Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және _____ дейін қолданылады, ал есеп айырысу бөлігінде - Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

8. Қорытынды ережелер

- 8.1. Сатып алушы тауарды сатып алуға арналған аукционға іскерлік этика, адал бәсекелестік талаптарын және бәсекелестік рәсімдерді (аукциондық сауда-саттықты) өткізу регламентінің ережелерін сақтай отырып, адал ниетпен қатысқанына кепілдік береді.
- 8.2. Сатып алушы осы Шарттың 8.1-тармағында көзделген кепілдіктерді және бәсекелестік рәсімдерді жүргізу Регламентінің ережелерін бұзған жағдайда, Сатушы құқылы:
- а) Шартты бұзғанға дейінгі 5 күнтізбелік күн бұрын Сатып алушыны алдын ала хабардар ете отырып, Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға;
- б) Сатып алушыдан Сатып алушының Шарт бойынша алған барлық қаражатын қайтаруын, көрсетілген кепілдіктер мен бәсекелестік рәсімдерді жүргізу регламентінің ережелерін бұзу нәтижесінде келтірілген мүліктік зиянды, залалды, жоғалған пайданы өтеуін талап етуге.
- 8.3. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар жазбаша нысанда жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.
- 8.4. Осы Шарт орыс тілінде екі түпнұсқа данада жасалды. Барлық даналары бірдей және бірдей заңды күшке ие. Тараптардың әрқайсысында осы Шарттың бір данасы болады.
- 8.5. Кез келген деректемелер өзгерген кезде әрбір Тарап бұл туралы екінші Тарапты дереу хабардар етуге міндетті, әйтпесе деректемелердің өзгеруі туралы уақтылы хабарламауға байланысты барлық залалдар кінәлі тарапқа жатқызылатын болады Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін толық немесе ішінара үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.
- 8.6. Осы шартқа қол қойылған сәттен бастап осы Шарттың мәні болып табылатын мәселелер бойынша Тараптар арасындағы барлық алдыңғы хат-хабарлар, құжаттар мен келіссөздер күшін жояды.
- 8.7. Сатып алушының осы Шартқа қол қоюы оларға мерзім шектеусіз қолданыста болатын осы Шартты жасасу және орындау мақсаттары үшін дербес деректерді жинауға, сақтауға, өңдеуге

келісім беруді білдіреді. Сондай-ақ, Сатып алушы Сатушының дербес деректерді өзінің үлестес тұлғаларына, олардың аудиторларына, кеңес берушілеріне, лауазымды тұлғаларына, адвокаттарына беруге құқылы екендігімен келіседі, егер мұндай беру сату туралы ақпаратты заңды түрде шоғырландыру, осындай тұлғалардың сатушының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсаттарымен шектелсе, бұл ретте дербес деректерді алушылар алынған деректерді қорғау үшін шаралар қолдануға міндетті болады.

8.8. Шартқа қағаз жеткізгіште қол қойылған жағдайда мынадай тәртіп қолданылады:

Сатып алушы Сатушыдан электрондық түрде алынған Шартқа қол қояды және Сатушының Шартының осындай данасына қол қою мақсатында Сатушының электрондық мекенжайына PDF форматында сканерленген түрде өз тарабынан қол қойылған Шартты жібереді; Сатып алушыда мөр болған кезде мұндай Шарт та мөрмен бекітіледі. Бұл ретте Сатып алушы Шарттың сканерленген данасын Сатушыға оны Сатушыдан электрондық пошта арқылы алған күннен бастап 5 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жіберуге міндетті. Осы Шарт бұзылған жағдайда Сатушы Сатып алушымен Шарт жасаспауға құқылы.

9. Тараптардың мекенжайлары, төлем деректемелері және қолдары

Сатушы: _____

Заңды және пошталық мекенжайы:

ЖСН _____

БСН _____

Төлем деректемелері:

ЖСК _____ «Банк...» АҚ ЕБ _____ қ. Филиалы (Қазақстан)

БСК _____

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік

сериясы _____ № _____ ж.

« ____ » _____ 202 ж.

Сатып алушы:

Т.А.Ә.: _____

Жеке куәлігі № _____

Берілді: _____ ж.

ЖСН _____

Нақты мекенжайы:

« ____ » _____ 202 ж.